

Марганец кен орындарын пайдаланушылардың қызметі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 ақпан N 313

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 4 R000004_ өкімімен құрылған Қазақстан Республикасы марганец кен орындарын пайдаланушылардың қызметін зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес лицензиялық шарттардың бұзылуына байланысты жер пайдалану құқығына бұрын берілген лицензиялар қайтып алынсын.

2. "Құзыретті органның 2000 жылы инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына қоюына жататын Қазақстан Республикасының қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутегі шикізаты бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 183 P000183_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

Құзыретті органның 2000 жылы инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына қоюына жататын Қазақстан Республикасының қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутегі шикізаты бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесінде:

"Қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру" тарауы мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-19-жолдармен толықтырылсын:

- | | | |
|--|----------|-----------|
| "13. Жомарт кен орны | марганец | Қарағанды |
| 14. Батыс Жомарт кен орны | марганец | Қарағанды |
| 15. Батыс Қамыс кен орны | марганец | Қарағанды |
| 16. Үшқатын-1 кен орны | марганец | Қарағанды |
| темір | | |
| 17. Солтүстік Керегетас,
Шоқпартас, Полуденное,
Солтүстік-Батыс кен
көріністері | марганец | Қарағанды |
| 18. Богач кен орны | марганец | Қарағанды |

19. Айдаһарлы алаңы марганец Қарағанды".

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 ақпандағы
N 313 қаулысына
қосымша

Жер қойнауын пайдалану құқығына арналған қайтып алынатын
лицензиялардың тізбесі

N !Лицензия (серия.!Жер !Лицензияның атауы жер ! Ескерту
р/с!сы, нөмірі, бер.!қойнау.!қойнауын пайдалану !
!ілген күні) !ын пай.!объектілерінің орна. !
! !далану.!ласқан жерлері (лицен.!
! !шы !зияны беру сәтіндегі !
! ! !жай-күйі) !
! ! ! ! !

1. 10.04.95 ж. МГ "Элеует" Қарағанды облысының Пысықтау жобасы ке.
сериялы N 478 ЖҮАҚ Жаңарқа ауданындағы лісілмеген, өндіру
(бұрынғы Жезқазған көлемі бойынша ЛКШ
облысы) Батыс Қамыс орындалған жоқ, 1,5
кен орнының темір- ж. бойы тау-кен
марганец рудасын жұмысы жүргізілмей
барлау және өндіру отыр.

2. 05.01.96 ж. МГ "Элеует" Қарағанды облысының Ең аз жұмыс бағдар.
сериялы N 581 ЖҮАҚ Жаңарқа ауданындағы ламасы орындалмай
(бұрынғы Жезқазған отыр, ақпаратты сатып
облысы) Үшқатын-1 алу туралы келісім
кен орнының темір- жасалған жоқ, қазақ.

марганец рудасын стандық мамандарды
барлау және өндіру оқыту жөніндегі қаржы
 міндеттемелері толық
 көлемінде орындалған
 жоқ, 1999 жылы тау-
 кен жұмыстары
 жүргізілген жоқ.

3. 26.05.97 ж. МГ "Айрон- Қарағанды облысының Қазақстандық маман.
сериялы N 906 Недра" Жаңарқа ауданындағы дарды оқыту жөнінде.
АҚ (бұрынғы Жезқазған гі қаржы міндеттеме.
облысы) Батыс лері толық көлемінде
Жомарт кен орнының орындалған жоқ.
темір-марганец Лицензияда көзделген
рудасын барлау және геологиялық барлау
өндіру жұмыстарының көлемі
 және жұмыс бағдарла.
 масы орындалмай отыр.

4. 28.09.95 ж. МГ "Тұлпар" Қарағанды облысының ҚРИА-ның геология.
сериялы N 622 ШЖК Жаңарқа ауданындағы лық ақпаратқа төлем
(бұрынғы Жезқазған жасау жөніндегі
облысы) Жомарт хабарламасы орындал.
кен орнының темір- ған жоқ, қазақстан.
марганец рудасын дық мамандарды оқыту
барлау және өндіру жөніндегі қаржы мін.
 деттемелері толық
 көлемінде орындалған
 жоқ. Өндірістің
 қалдықтарын орналас.
 тыру бөлігінде таби.
 ғат қорғау заңдары
 бұзылды, жұмыс бақы.
 лаушы органдармен
 келісусіз жүргізіліп
 отыр.

6. 10.02.97 ж. МГ "Центр. Қарағанды облысының Қызметтің түріне сериялы N 1291 геолсь. Теңіз ауданындағы арналған лицензия емка" АҚ Айдаһарлы алаңында жоқ, коммерциялық қара металдарды табу жарияланған жоқ, барлау өндіруге келісім шарт жасалған жоқ қазақстандық маман. дарды оқыту жөніндегі шарт орындалмай отыр.

7. 07.09.95 ж. МГ "Атасу. Қарағанды облысының Геологиялық ақпаратты сериялы N 495 руда" Жаңарқа ауданындағы сатып алуға шарттар АҚ (бұрынғы Жезқазған жасалған жоқ, сатып облысы) Орта Қытай, алынған жоқ. Геоло. Шоқпартас, Полуден. гиялық зерделеу жүр. ное, Солтүстік-Батыс гзіліп отырған жоқ, Бестөбе, Солтүстік қазақстандық маман. Керегетас кен орын. дарды оқыту жөнін. дарында темір және жегі лицензиялық марганец рудаларын міндеттемелер орын. барлау және өндіру далған жоқ, ГБЖ жүргізуге арналған жұмыс бағдарламалары ұсынылған жоқ, ГБЖ тоқтата тұру мүмкін. шілігі және объектіні консервациялау туралы лицензиялық шарттарға өзгерістер енгізілген жоқ, қызметтің түрлеріне арналған лицензия жоқ.

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан 5-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.08.28.
N 1113 қаулысымен.

P011113_

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК